

2010 жылға Түпқараған ауданы бойынша жұмыс таңдау мен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін нысаналы топтарды анықтау туралы

Түпқараған ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 18 қаңтардағы № 03 қаулысы. Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 10 ақпанда № 11-6-111 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қарашадағы № 1114 «Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі 2008 - 2010 жылдарға арналған іс - шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға Түпқараған ауданы бойынша жұмыс таңдау мен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін нысаналы топтар қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Шаруашылық субъектілерінің басшыларына нысаналы топқа жататын жұмыссыз адамдарды Түпқараған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жолдамаларымен жұмысқа қабылдауға ұсыныс жасалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О. Ж а р ы л ғ а п о в а ғ а жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Ө.Трұмов

« К Е Л І С І Л Д І » :

С . Қ а н и

«Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ бастығы

18 қаңтар 2010 жыл

А . Б . Қ а з и е в а

«Түпқараған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бастығы

18 қаңтар 2010 жыл

Түпқараған ауданы әкімдігінің

2010 жылғы 18 қаңтар

№ 03 қаулысына Қосымша

2010 жылға Түпқараған ауданы бойынша жұмыс таңдау мен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін нысаналы топтар.

№	Нысаналы топтардың атауы
1	Табысы аз адамдар
2	21 жасқа дейінгі жастар
3	Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата –анасының қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар
4	Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты, көп балалы ата-аналар
5	Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдары бар азаматтар
6	Зейнеткерлік жастың алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған)
7	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар
8	Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар
9	Оралмандар
10	Бірде-бір жұмыс жасайтын адамы жоқ отбасылардың жұмыссыз адамдары
11	Ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмысы жоқ адамдар
12	Мүгедектер (жалпы есебінен 3 пайыздық мөлшерде мүгедектерге жұмыс орнының квотасы белгіленеді)
13	Жұмыс орнынан қысқарғандар
14	Жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер